

# Балаларға арналған Киелі кітап ұсынады



## Иілгісі келмеген адамдар



Мәтінін жазған: Edward Hughes

Суретін салған: Jonathan Hay  
Alastair Paterson

Бейімдеген: Mary-Anne S.


Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankyzy

Шығарушы: Bible for Children  
[www.M1914.org](http://www.M1914.org)

©2023 Bible for Children, Inc.  
Лицензия: сатуға тиым салынған, көшірме жасауға  
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.

1

Набуходоносор патша үлкен етіп алтын мүсін жасатты. Ол басынан аяғына дейін алтыннан жасалған еді. Мүмкін патша өзінің алтын патшалығы ұзаққа созылмайтынын айту үшін Құдай жіберген түсті ұмытып қалған болар. Мүмкін ол толығымен алтыннан ғана мүсін жасататын болса, оның түсіндегі Құдайдың Сөзі орындалмайды деп дәмеленген шығар.



2

Патшаның қызметшілерінің бірі бүкіл халыққа арнап жарлықты оқыды: «...сен жерге екпетіңнен жығылып, алтын мүсінге тағзым ету керексің... Ал кім екпетінен жығылып тағзым етпесе, пеште жанып тұрған оттың ортасына тасталады».



3

Тек үш адамнан басқасының бәрі патшаның бұйырғанын орындады. Бұл адамдар еврейлер еді. Олар Садырақ, Мисак, Әбдінего болатын. Даниял

сол кезде болмады, әйтпесе ол да қолдан жасалған мүсінге табынудан бас тартар еді.



4

Патшаның данышпандары Даниял мен оның достарына қызғана қарады, өйткені оларды патша құрметтейтін. Сондықтан олар: «Сіз Бабыл облысына билеуші етіп қойған үш адам бар: Садырақ, Мисак пен Әбдінего. Бұл адамдар, уа, патша, сізге бағынбайды. Олар сіздің құдайларыңызға қызмет етпейді және сіз тұрғызған мүсінге табынбайды», – деді.



5

Набуходоносор патша қатты ашуға булықты. Ол оларға ескерту жасады: «Егер сендер табынбайтын болсаңдар, сендерді от жанып жатқан пештің ең ортасына тастайтын болады. Сонда сендерді менің қолымнан қандай құдай құтқарып алар екен?»




6

Патша үлкен қателік жасады. Ол шынында тірі Құдайды айқасқа шақырды. Үш еврей мүсінге табыну Құдайдың заңына қайшы келетінін білетін. Олар тұра берді. Олар Құдайға сенім артқандықтан, патшадан қорықпады.




7

Бұл үш батырдың патшаға арнаған жауаптары дайын еді. Олар: «Біз қызмет етіп жүрген Құдай бізді жанып тұрған оттың ішінен құтқаруға да құдіретті. Бірақ егер құтқармаса да, сізге мәлім болсын, уа, патша, біз сіздің құдайларыңызға қызмет етпейміз де, сіз қойған алтын мүсінге табынбаймыз да», – деді.



8

Набуходоносор патша қатты ашуланды! Ол пешті әдеттегіден гөрі жеті есе қатты қыздыруға әмір берді. Ер адамдар әлі де тізелерін бүккілері келмеді.



9

Патша өзінің әскеріндегі күшті адамдарға Садырақ, Мисақ пен Әбдінегоны байлап-матап, оларды от жанып жатқан пешке.



10

Пештің қызуы сондай қатты болғандықтан, Садырақ, Мисақ және Әбдінегоны отқа лақтырған адамдар ыстықтан өліп қалды.




11

Патша болып жатқан жайтты қауіпсіз қашықтықтан бақылап тұрды. Ол үш еркектің жалындап жатқан пештің тура ортасына тасталғандарын көрді. Бірақ оның көргені мұнымен аяқталмады.




12

Набуходоносор патша аң-таң болды! «Біз оттың ортасына байланған үш адамды тастамадық па?» –деп сұрады ол көмекшілерінен. «Иә», –деп жауап берді олар. Ол былай деді: «Қарандар! Мен оттың ішінде емін-еркін жүрген төрт адамды көріп тұрмын, олар еш зиян шекпеген. Ал төртіншісі Құдайдың Ұлына ұқсас!»



13

Лаулап жанып жатқан пештің аузына тақап келіп патша: «Садырақ, Мисақ пен Әбдінего, Күдіретті Құдайдың қызметшілері, шығындар!» – деп айғайлады. Содан кейін Садырақ, Мисақ пен Әбдінего отты пештен шықты.



14

Барлығы маңайларына жиналып, үш еврейді қарады. Олар оттың оларды өртеп жіберуге күші жетпегенін көрді. Олардың шаштары күймеген, киімдері де өртенбеген. Олардың үстінен тіпті оттың иісі де шықпады.



15

Набуходоносор патша не болғанын түсінді, ол даналықпен әрекет етті. Ол сиынып алды да: «Өзінің Періштесін жіберіп, Өзіне сенім артқан Садырақ, Мисақпен Әбдінегоның Құдайы жарылқанған», – деді.



16

Иілгісі келмеген адамдар

Құдайдың Сөзі –

Киелі кітаптан алынған әңгіме

Даниял 3

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."

Забур 119:130

17



33

60

18

Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі. Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын, Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді. Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе, Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп, қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге не болып, кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр, менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін өмір сүруіме көмектесе гөр. Амин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

19